ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«АҚСУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 347
«30» 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 23 қыркүйек іс № 5501-24-00-2/2722 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Нұғыман Нұршәт «Нұғыман Нұршәт» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Нұғыман Нұршәт «Нұғыман Нұршәт» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Нұғыман Нұршәт «Нұғыман Нұршәт» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Нұғыман Нұршәт «Нұғыман Нұршәт» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Копия верна:

Судья **А. Сләм**

Справка: решение вступило в законную силу 31 октября 2024 года.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 23.09.2024

Электронный документооборот 31.10.2024 Сләм А. С., 05.11.2024